EGEMEN QAZAQSTAN

29 МАМЫР 2024 ЖЫЛ, СӘРСЕНБІ №102 (30831)

ЖАДІГЕР

Есет батырдың мылтығы

Шалқар аудандық тарихи-өлкетану мұзейінде ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті батыры Есет Көтібарұлының мылтығы сақтаулы. Оны Есеттің туған інісі – Дәрібайдың шөбересі Шәмен Сәтжанбетов аудандық мұзейге 1992 жылы тапсырған.

Бақи ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Шәмен ақсақалдың айтуынша батырдың ұрпақтары бабасынан қалған қаруды екі тасырға жуық ақ матаға орап, шөп арасына жасырып, ұрпақтан ұрпаққа аманаттап келген. Баба мұрасынан қай жерде сақталғанын тек әулеттің ақсақалы ғана білген. Аудандық тарихи-өлкетану мұзейінің директоры Нәзима Тілембаеванан айтуынша, ұзындығы 1 метр 9 см болатын жалпақ ауыз мылтықтың сабы ағаш, ұңғысы темірден құйылған, жан-жағы күміспен өрнектелген. Бірақ кейін күміс тастары түсіп қалған. Қайта қалпына келтіруді қажет ететін құнды жәдігер Астанада, Ұлттық мұзейде өткен жиналыстағы көрмелерде бірнеше рет ел назарына ұсынылды.

Есет Көтібарұлы 1803 жылы Үлкен Борсық құмындағы Ақкөлтық деген жерде дүниеге келген. Ол 1848-1860 жылдары Жоламан Тілеңгірұлы, Жанқожа Нұрмұхамбетұлы қозғалыстарына қатысып, Ресей шекаралық әкімшілік бекеттеріне, Елек қамалына шабуыл жасап, Қоқан және Хиуа хандықтарының Сыр бойындағы басқыншылығына қарсы күрескен. Қарсылық қозғалысының шекарасы Арал теңізінің батыс жағалауын, Үлкен және Кіші Борсық құмдарын, Мұғалжар, Жем-Сағыз, Елек-Кобда, Ырғыз, Оймақұмал өзендерінің бойын қамтыды. Жасағының саны екі мыңға дейін жеткен Есет батыр шатпа өкіметінің шекаралық комиссиясынан қазақтардың Жайық пен Елек өзендеріне дейінгі аралықта көшіп-қонуын шектемеу, мал жайылымын тарылтпау, еден түйе жинауды тоқтатуды, түтін салығын алуды талап етті. 1858 жылдың қыркүйегінде Орал қазақ-орыс отрядымен шайқастан соң көтеріліс басылды. Есет халқын қырғыншылыққа ұшыратпау үшін күресті тоқтатуға мәжбүр болды. Жазалаушы отряд қолына түскен батырдың тұтас інісі Бекет бастаған сарбаздар ұсталып, Оренбургқа тергелің, Сібірге жер аударылған.

Батыр 1889 жылы дүниеден озғанда Шалқар ауданының Шолаққыдесіне жерленіп, 1890 жылы шикі кірпіштен күмбезді мазар тұрғызылды. Екі жылдан соң жанына батырдың інісі Дәрібай жерленді. Есет Көтібарұлының ұрпақтары бүгінде Шалқар ауданының Есет ауылында тұрады.

Ақтөбе облысы



